

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ қыздарының тағдыры - тарихымыздың өшпес мұрасы. Олар тек әскери міндетін орындаған жоқ, сонымен қатар қайсар рухтың, ерік-жігердің, туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің символына айналды.

Бүгінгі күні олардың ерліктері бізге тек өткеннің сабағы емес, болашаққа бағдар боларлық күш пен рух береді. Батыр қыздардың қайсарлығы - қиындыққа мойымай, биік мақсаттарға жетуге ұмтылған әрбір жанға үлгі. Біз олардың есімін тек тарих беттерінде ғана емес, жүрегімізде де мәңгі сақтап, ерліктерін жас ұрпаққа жеткізуге тиіспіз.

Осы зерттеу жұмысы қазақ қыздарының Екінші дүниежүзілік соғысында, нақтырақ айтқанда - Ұлы Отан соғысындағы рөлі мен ерлігін айқындап, олардың тарихтағы орнын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл - тек бір кезеңнің емес, бүкіл ұлттың рухани мұрасы. Батырлардың ерлігін есте сақтап, мирас ету- біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945: Сборник документов и материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. - Караганда, 2020. – 410 с.
- 2 Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью. Сборник материалов. / Отв. ред. З.Г. Сактаганова. – Караганда, 2020. - 400 с.
- 3 Ардақ Құлтай. Әлия Молдағұлова: өмірбаяны, соғыстағы ерлігі мен естеліктері. <https://kaz.nur.kz/family/school/2059591-aliya-moldagulova-omirbayany-sogystagy-erligi-men-estelikteri/>
- 4 Тулеуова Б.Т., Л.К.Шотбакова, Г.М.Смагулова. Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона (30-90-е годы XX века) . – Караганда: Изд-во: ТОО «Tengri Ltd», 2016. – 313 с.
- 5 Бекен Қайратұлы. Қазақтың танкіші қыздары. <https://e-history.kz/kz/news/show/50000118>
- 6 Игсатова Д. Поражающие с первого выстрела. <https://e-history.kz/ru/news/show/4455>

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КСРО МЕН АҚШ-ТЫҢ АТОМ ЖОБАЛАРЫ

Кенжеғали Ж.М., PhD, қауымдастырылған профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
zharas.kenzhegali@gmail.com

Екінші дүниежүзілік соғыс халықаралық қатынастарда әлемнің әр мемлекеттерінің ғылыми және технологиялық өндемелерне өзгерістер әкелді. Осы кезеңде маңызды және ықпалды бағыттардың бірі атом қаруын жасау болып табылады. Соғыс барысында КСРО мен АҚШ өздерінің атом жобалары бойынша белсенді жұмыстар жүргізді. Соғыс басында екі мемлекет атом энергиясының потенциалын көре бастады және соғыс соңында атом қаруының иегері болды, бұл әлемдік жүйенің толық өзгеруіне әкелді.

1930 ж. ядролық физика бойынша жұмыстар Еуропаның барлық алдыңғы қатарлы елдерінде, АҚШ, КСРО және Жапонияда кеңінен жүргізілді. Екінші дүние жүзілік соғыс мемлекеттерді атом қаруын жасауға итермелеген болатын: соғысушы тараптардың қайсысының қолында ол болған жағдайда соғыс барысын соның пайдасына шешетіні сөзсіз еді.

Жұмыстар қарқынды түрде жүргізілді, 1941 ж. кеңестік барлау қызметі Ұлыбритания мен АҚШ-тың атомдық өндемелері туралы ақпараттар ала бастады. Онда агенттері мен дереккөздері бар заңды және заңсыз резидентуралар желісі құрылды. 1941 ж. қыркүйекте Лондондағы Мемлекеттік қауіпсіздік бойынша ұлттық комиссариат (МКХК) резиденті А. Горский Британдық уран комитетінің премьер-министр Уинстон Черчилльге толық берілген

есебін алды, онда атом бомбасының дизайны, ядролық жарылыстың басталу принциптері, уран-235 сыни массасының есептеулері және оны алудың диффузиялық әдісі сипатталды.

Осы баяндама рефератымен Мемлекеттік қорғаныс комитетінің (МҚК) төрағасы И. Сталин 1942 ж. ортасына қарай танысқан болатын. Осы уақытта көптеген ақпарат көздерінен алынған бомба туралы мәліметті елемеу мүмкін болмады, сол себептен КСРО басшылығы өз бомбасын жасау туралы шешім қабылдады [1].

1942 ж. 28 қыркүйекте Мемлекеттік қорғаныс комитетімен (МҚК) «Уран бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысы шығады. КСРО-ны қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған шетелдік мамандар Клаус Фукс, Теодор Холл, Георгий Коваль болды. Олардың бір бөлігі коммунистер болса, екіншілері осындай күшті қару бір ғана мемлекеттің қолында қалып қояды деп қорыққан болатын.

1942 ж. қаулыда: «КСРО ғылым академиясын (акад. Иоффе) уран ядросын ыдырату жолы арқылы атом энергиясын пайдаланудың жүзеге асатындығын зерттеу бойынша жұмыстар жандандырылсын және Мемлекеттік қорғаныс комитетіне 1943 ж. 1 сәуіріне дейін урандық бомба немесе урандық отын жасау мүмкіндіктері туралы баяндама ұсынылсын» [2] - деген бұйрық келді. Осы жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында Ленинградтық физика-техникалық институттың директоры Абрам Иоффе Қазандағы ғылымдар тобынан жинақталған 10 адамнан құралған арнайы зертхана құрады, оның меңгерушісі болып И. Курчатов тағайындалды.

1943 ж. 11 ақпанында атом бомбасының практикалық жұмыстарын бастау туралы МҚК № 2872сс қаулысы қабылданады. Бұл жерде жалпы басшылықты МҚК төрағасының орынбасары В. Молотовқа жүктеген болатын.

Атом жобасының күрделілігі бомбаны немесе бірнеше бомбаларды жасап шығару уранның үлкен бөлігін қажет етті. Ал КСРО-да соғыс алдында бір ғана элементтің белгілі кен орны Табошардағы (Қырғызстан тауларындағы) кішігірім кеніш болды. Осыған байланысты ашылмаған жаңа кен орындарын барлау жұмыстарын ұйымдастыру, содан кейін оларды өңдеу қажет болды. Уранды барлауда барлық жұмыстар қатаң құпия түрде жүргізілді. Барлық студенттер мен аспирант-геологтарды тез арада соғыстан шақыртып уран кеніштерін іздеуге бағыттады [3, 1175 б.].

Әрине іс барысында атом жобасының басымдықтары өзгеріске түсті, алғашқы кезде барлық күш ядролық технологияларды игеруге, жұмысты ұйымдастырудың жолдары мен тәсілдерін анықтауға бағытталды. Бұл жерде маңызды рөлді шет елден келген ақпарат ойнады. Оны игеру атом бомбасын тез арада жасауға қажетті шарттардың бірі болды. Бұл «алынған» технологияларды жетілдірудегі бастапқы қадамдардың бірі болды. Осылайша ядролық-қарулық кешеннің «куып жетуші», «имитациялық» моделінен «инновациялық» моделіне өту жүрді.

Германия, АҚШ және Англия секілді мемлекеттер екінші дүниежүзілік соғыс барысында және қысқа мерзімде КСРО тез арада атом қаруын жасап шығарады дегенге сенбеді. Оның себебі соғыс барысындағы құлдырау, технологияларды жасаудағы ресурстардың жеткіліксіздігі болды. 1942 ж. қараша айының соңындағы И.В. Курчатовтың В.М. Молотовқа жазған баяндама хатында: «Уран проблемасын зерттеуде кеңестік ғылым Англия мен Американың ғылымынан артта қалды және ... зертханалық жұмыстың салыстыруға келмейтін аз көлемдегі материалдық базасына ие. Англия және Америка жүргізген 1941 жылғы жұмыстар көлемі 1943 жылғы КСРО МҚК қаулысымен бекітілген жұмыстармен салыстырғанда үлкен» [4] деген еді.

Атом қаруын жасаудағы түбегейлі мәселелерді шешу кең практикалық іс-қимылдарды бастауға мүмкіндіктер берді: атом жобаларының шикізат базасын құру, «ядролық жарылғыштар» плутоний – 239 және уран – 235 өндірістерін жолға қою, атом бомбасын жобалау және оны сынауы. Бұл кезеңнің басталуын 1945 ж. тамыз айындағы мемлекеттік қорғаныс комитетінің «МҚК жанындағы арнайы комитет туралы» қаулысы негізінде 1949 ж. тамыз айында Семей полигонында тәжірибелі ядролық оқ-дәрінің жарылысы жүзеге асырылған болатын [5, 41 б.].

Осылайша кеңестік үлгідегі атом қаруының жасалуына алғышарттар салынып, соғыс жылдарының барысында жүзеге асырыла бастады.

Соғыс барысында АҚШ үкіметі де тез қарқынмен атом қаруын жасауды қолға алған болатын. Осылайша АҚШ атом бағдаламасы «Манхэттен жобасы» пайда болды. Оның басында әскери жетекші Лесли Гровс тұрды. Атом жобасына алты жылда (1939-1945 жж.) 2 миллиард доллар жұмсалды. Манхэттен жобасы халықаралық бағдарлама болды, оның жұмысына әртүрлі мемлекеттердің физиктері мен химиктері, әсіресе Германия мен Даниядан келген эмигранттар, британдық, канадалық және американдық ғалымдар үлкен рөл ойнады. Эксперимент басында АҚШ тұрды. Бұл жобаның басты мақсаты атом бомбасын жасау және оны сынақтан өткізу болды.

Ядролық қару жасау бойынша Германияның белсенді зерттеулер жүргізуінен күдіктенген Альберт Эйнштейн 1939 ж. 2 желтоқсанда президент Ф. Рузвельтке АҚШ-та атом зерттеулерін бастау қажеттіліктері туралы хат жолдайды. Президенттің бұйрығымен уран комитеті құрылады, алайда ол тиісті нәтиже көрсетпей баяу жүрген еді. 1941 жылға дейін ол тек зерттеу сипатында дамыды.

АҚШ ядролық қару дәуірін 1940 ж. атом қаруын жасау жобалары шеңберінде екі ядролық бомба жасаудан бастады. Бірінші урандық – «Малыш» және екінші плутонийлық – «Толстяк» бомбаларын жасауды қолға алды. Плутоний бомбасының алғашқы сынағында оның түп үлгісі «The Gadget» кодтық атауымен сыналған болатын. Алғашқы сынақ 1945 ж. 16 шілдеде Нью-Мексико штатының Аламогордо шөлінде «Ақ құмдар» ракеталық полигонында жүргізілді. Жарылыс 300 км қашықтықтан көрінетін жалынмен байқалды, ядролық саңырауқұлақ 10 км биіктікке көтеріліп, жарылыс қуаты 20-22 килотоннаны құрады. Бұл сол кездегі ірі ядролық жарылыстардың біріншісі болды.

Бұл жөнінде британ премьер-министрі У. Черчилль былай деп жазған болатын: «17 шілде күні барлық әлемді дүр сілкіндірген хабар келді. Күндіз маған Стимсон келді және менің алдыма бір жапырақ қағаз қойды, онда «Сәбилер аман-есен дүниеге келді» деп жазылып тұрды. Мен шектен тыс бір жағдайдың орын алғандығын түсіндім. «Бұл дегеніміз – деді Стимсон, - Нью-Мексико шөліндегі тәжірибе сәтті өтті. Атом бомбасы жасалды». Біз бұл қорқынышты зерттеу туралы бізге берген үздік және жұпыны ақпараттардан естіп отыратын едік, бізге алдын ала хабарламаған еді, немесе қандай жағдай болса да мен соңғы сынақтар мерзімін білмейтін едім. Жауапкершілік сезімі бар бірде-бір ғалым бірінші үлкен масштабтағы атом жарылысында не болатындығын болжап білмеген еді... Келесі күні таңертең ұшақ адамзат тарихындағы осы үлкен оқиға бойынша толық сипаттаманы жеткізді. Стимсон маған осы баяндаманы маған әкелді. Мені бұның бәрін есімде қалған бойынша айтып отырмын. Бомба немесе оған ұқсайтын зат жүз фут мұнарадан жарылды. Он миль радиусындағы барлық адамдарды ол жерден алып кетті, ал ғалымдар өздерінің көмекшілерімен шамамен сондай қашықтықтағы жердегі күшті бетон панаға жасырынды. Жарылыс үрейлі болды. Аспанға көтерілген ауқымды жалын мен түтін біздің мүсәпір ғаламшарымыздың атмосферасының сыртқы қабаттарына тарады. Бір миль радиусында барлығы дерлік қираған болатын. Сонымен, бұл екінші дүниежүзілік соғысты, мүмкін тағы да басқасын тез аяқтауға мүмкіндік береді» [6, 740-741 бб.].

Бірінші сынақтан бір апта өткеннен кейін ядролық қару әскери мақсаттарда қолданылды: 1945 ж. 6 тамызда «Малыш» бомбасы Жапониялық Хиросима қаласына тасталған болса, 1945 ж. 9 тамызында «Толстяк» бомбасы Нагасакиде жарылды [7].

Екінші дүниежүзілік соғыс соңына таман атом бомбасын жобасын жасағандар өздерінің жасаған өңдемелерінің адамзат құндылықтарына тән еместігін мойындаған еді. Хиросимадағы «Малыш» бомбасының жарылысы тарихи факт қана емес, адамның қиратушы күші туралы зұлматты еске алуы болып табылады. Бұл шабуылдың салдары бүгін де адамдар тағдырында, сондай-ақ әлемдік саясатта сезіледі. Бұл оқиға Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталу кезеңі болып қалған жоқ, сонымен бірге адамзат ядролық қауіптің көлеңкесінде өмір сүретін дәуірдің бастауы болды.

АҚШ атом дәуірінде өзінің күшін анықтады, Кеңес Одағы болса қарулану жарысы кезеңіне өткен болатын. Бұл соғыстан кейінгі ауыр зардаптарға әкелді.

1945 ж. 24 шілдеде Потсдамда АҚШ президенті Трумэн Сталинге АҚШ-та көз жетпейтін жойқын күші бар қару ойлап тапқандығын және оны Жапонияға қарсы сынайтындығын айтқан кезде Сталиннің әсері немқұралы болды. Черчилльдің естеліктерінде Сталин тек жымысып, ол туралы қызығып сұрамады делінген. Трумэн мен Черчилль кеңес басшысы олардың сөзін түсінбеді деп ойлаған еді, себебі Сталиннің әрекеті бір мәнді болып көрінді.

Сондай-ақ, төтенше жағдай принципі кеңестік индустриялық жүйенің «көтерілуінде» кеңінен қолданылды. Мұның айқын дәлелі ретінде осы атом жобасын атап кетуге болады. Оның басты мақсаты Хиросима мен Нагасакиден кейін Кеңес Одағының өмір сүруіне тікелей қауіп ретінде қабылданған АҚШ-тың ядролық қаруға монополиясын жою болды. Осылайша, елде «бірінші міндет» пайда болды, себебі атом жобасы ресми құжаттарда осылай атала басталды.

Жұмыстың жалпы көрінісін тек И.В. Сталин және ядролық қаруды жасау бойынша жұмыстарды басқарған Л.П. Берия, сондай-ақ жобаның басшылары мен ғылыми жетекшілері қатарынан бірнеше адамның бақылауында болды. Атом жобасында жекелеген тапсырмаларды орындаған барлық басқа партиялық-үкіметтік «иерархиялар», министрліктер мен ведомстволардың басшылары оны іске асырудың стратегиялық бағыттарын анықтауға да, ағымдағы басқару шешімдерін әзірлеуге де қатысқан жоқ [8, 216 б.].

Мүмкін атом жобасына бөлінген барлық қаражаттар тиімді жұмсалды. Егер де 1941-1950 жж. американдық атомдық бағдарламаға жұмсаған шығындарды және 1945-1953 жж. кеңестік атомдық жобаларға жұмсалған шығындарды салыстыратын болсақ, теңдік нәтижелерде олар бірдей болды [9, 327 б.]. Осылайша «командалық экономика» институттары тиісті «реттеу» негізінде нарықтық жүйеден кем жұмыс істемегендігін көрсетті. Бірақ бұл бұлтарыс ерекше сипатқа ие болды және өндірістің шектеулі басым сегментінде болды. Олардың санын шексіздікке дейін ұлғайту мүмкін емес еді. КСРО атом жобасында дамыған тәсілдер кең өрбімегендігі кездейсоқтық болмады. Маңыздылығына қарамастан оның айқын жетістіктері ұзақ мерзімдік перспективада елдің тұрақты экономикалық өсу траекториясына шығыуын қамтамасыз ете алмады.

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта «қырғи қабақ соғыстың» алғашқы стереотиптері және қарама-қарсы тараптардың мақсаттары туралы түсініктер, ядролық қаруды болуын ескере отырып әскери стратегияның негізі қалыптасты, ядролық саясат саласында шешімдер шығару механизмдері қалыптасты [10, 312 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі АҚШ пен КСРО-ның атомдық жобалары қырғи қабақ соғыс кезіндегі болашақ қару-жарақ жарысының негізін қалады. АҚШ ядролық қаруды әскери жағдайда бірінші болып қолданды, осылайша тек әскери ғана емес, сонымен бірге саяси басымдықты көрсетті. Кеңес Одағы өз кезегінде артта қалушылықты қысқа мерзімде жоя алды, бұл келесі онжылдықта күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етті. Бұл жобалар тек ғылыми-техникалық жетістіктерге ғана емес, жаңа дәуірдің – ядролық ғасырдың символына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Саввин В. Наследие Победы: атомная бомба. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.kommersant.ru/doc/2698053>
- 2 Сидорчик А. Бомба. Подлинная история советского атомного проекта // Газета Аргументы и факты. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://aif.ru/society/history/bomba_podlinnaya_istoriya_sovetskogo_atomnogo_proekta
- 3 Яковлева С.А. Атомные проекты США и СССР // Россия и мир в исторической ретроспективе. Материалы XXIX международной научной конференции, к 320-летию основания Санкт-Петербурга. Том 3. – Санкт-Петербург, 2023. – С. 1172-1177.

- 4 Родин А.М. Создание атомного оружия и усилия США по втягиванию СССР в гонку ядерных вооружений в период второй мировой войны. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_26374591_89472024.pdf
- 5 Артёмов Е.Т., Мельникова Н.В. Атомный проект СССР: стратегия и практика реализации // Вестник РФФИ. Гуманитарные и общественные науки. – 2017. – № 2. – С. 38-48.
- 6 Черчилль У. Вторая мировая война: В 3 кн. Кн. 3. Т.6. / Сокр. пер. с англ. – М.: Альпина нон-фикшн, 2020. – 792 с.
- 7 Белов О. «Малыш» и «Толстяк». Атомные бомбардировки США городов Хиросима и Нагасаки. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://spbvedomosti.ru/news/nasledie/malysh-i-tolstyak-atomnye-bombardirovki-ssha-gorodov-khirosima-i-nagasaki/>
- 8 Артемов Е.Т. Экономическая политика позднесоветской эпохи: проблема выбора приоритетов // Известия УрФУ. – Серия 2. Гуманитарные науки. – 2021. – Т. 23. – № 1. – С. 210-224.
- 9 Котельников Р.Б., Тумбаков В.А. Атомный проект СССР – дерево целей, ресурсы, усилия, результаты (1940-1950 гг.) // Наука и общество: история советского атомного проекта (40-е - 50-е годы): В 3 т. – Т. 2. – М.: ИздАТ, 1999. – С. 320-330.
- 10 Рожановская Н.К. Атомные проекты СССР и США в 1945–1954 гг.: общие черты // Международные отношения в XX-XXI вв., материалы междунар. науч. конф. в рамках Первых Чемпаловских чтений, посвящ. 100-летию со дня рождения профессора Ивана Никаноровича Чемпалова (1913-2008). – Екатеринбург. – 464 с.

Мақала 2023–2025 жж. арналған ИРН АР19678527 «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың зардаптары «ядролық отарлау» саясатының нәтижесі ретінде» (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекеттік қоры) атты жобаны жүзеге асыру аясында әзірленді

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КАЗАХСТАН: ВОЕННАЯ ЭКОНОМИКА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Козина В.В., д.и.н., профессор

Кентбек С.К., к.и.н., доцент

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова

Караганда, Казахстан

vkozina55@mail.ru

Катастрофическое начало военных действий поставило СССР в крайне не выгодное положение. В результате быстрого продвижения немецко-фашистских войск, страна понесла огромные территориальные, экономические и людские потери. На территории Советского Союза, оккупированной к ноябрю 1941 г. проживало до войны 40% всего населения страны, производилось 63% угля, 68% чугуна, 58% стали, 60% алюминия, 38% зерна, 84% сахара, находилось 38% поголовья крупного рогатого скота и 60% поголовья свиней, 41% железнодорожных путей. И потери продолжали расти, увеличивая ресурсы противника. К ноябрю 1941 г. выпуск проката черных металлов - основы военной промышленности, уменьшился против июня 1941 г. в 3,1 раза; производство проката цветных металлов, без которых невозможно военное производство, за этот же период сократилось в 430 раз; производство шарикоподшипников, без которых нельзя выпускать ни самолетов, ни танков, ни артиллерии, сократился в 21 раз и т.д. [1, с. 381-383]. В этой ситуации исход войны стал зависеть от того, как быстро удастся в стране наладить военную экономику в тыловых областях.